

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Алтын әскер" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 сәуір N 436

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алтын әскер" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - **Кәсіпорын**) **құрылсын**.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, өзін - Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган деп белгілеу туралы ұсынысына **келісім берілсін**.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі саласы:

1) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарын энергиямен, сумен және жылумен жабдықтау, көлік, байланыс, коммуникациялар, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы және олардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басқа да жүйелері салаларында шаруашылық қызметті, сондай-ақ заңдармен тыйым салынбаған өзге де **міндеттерді жүзеге асыру**;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен әскери-техникалық ынтымақтастығын ұйымдастыру деп **айқындалсын**.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және оны әділет органында тіркеуді **қамтамасыз етсін**;

2) Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі